

Ғылыми мақала

GTAMP 16.21.41

<https://doi.org/10.55956/QBGY5605>

А.К. Пирниязова 

Филология ғылымдарының докторы, профессор
Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты
Өзбекстан Республикасы, Нөкіс қаласы
alimapi@rambler.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СӨЗДІКТЕРДЕ БЕРІЛУІ ЖӘНЕ ФРАЗЕОГРАФИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация. Бұл мақалада фразеологиялық сөздіктер мен фразеография мәселелері қарастырылған. Қарақалпақ, өзбек, қазақ тілдерінің сөздіктеріндегі фразеологиялық бірліктерге берілген анықтамалар салыстырылады. Қарақалпақ әдебиаты шығармаларынан мысаллар келтірілген.

Тирек сөздер. Фразеологизм, фразеография, фразеологиялық сөздіктер, фразеологиялық бірліктердің семантикасы, аударма сөздіктер, синоним, антоним, полисемия, вариация.

Кіріспе. Фразеография – фразеологиялық сөздіктер жасаудың теориялық және практикалық мәселелерін қарастыратын сала, лексикографияның жеке бөлімі, тіл білімінің соңғы кезде қалыптасып келе жатқан салаларының бірі. Орыс және түрік тіл білімінде фразеография саласында бірнеше жұмыстар атқарылды.

Белгілі фразеолог ғалым Б.Йүлдошев өз еңбегінде өзбек тіліне арналған фразеологиялық сөздіктердің бірнеше түрі бар екенін айтады: біртүрлі фразеологиялық сөздік; жазушы шығармаларының фразеологиялық сөздігі; Өзбекше-орысша фразеологиялық сөздік; Орысша-өзбекше фразеологиялық сөздік; көптірлі фразеологиялық сөздік; фольклор шығармаларының фразеологиялық сөздігі; түсіндірме жиілігі бар фразеологиялық сөздік; оқу фразеологиялық сөздігі; аймақтық фразеологиялық сөздік [4:79-96].

Өзбек тіл білімінде және басқа түркі тілдерінде фразеологиялық

сөздіктердің бірнеше түрі жасалып, фразеография жеке сала ретінде қалыптасты.

Қарақалпақ тіл білімінде фразеологизмдердің сөздіктерде берілуіне қатысты кейбір мәселелер зерттеліп, бірнеше сөздіктер жарық көрді. Соған қарамастан фразеографияның теориялық мәселелеріне арналған арнайы еңбектер жазылмаған, фразеологизмдердің көлемі мен шекарасы нақты белгіленбеген, оларды сөздікте орналастырудың ғылыми-теориялық нормалары жасалмаған.

Материалдар мен тәсілдер. Қарақалпақ тіліндегі бай фразеологиялық фонд пен фразеологизмдердің сөздіктерде берілу мәселесі материал болып хызмет етті. Мақалада сипаттамалық-аналитикалық метод қолданылды.

Талқылау. Қарақалпақ тіліндегі фразеологизмдердің аударма сөздікте берілу мәселесі бойынша С.Т.Наурузбаева ғылыми еңбек жазды. Орыс және түркі тілдеріндегі

теориялық ой-пікірлерге сүйене отырып, қарақалпақ тіліндегі есімдік фразеологизмдердің қарақалпақша-орысша сөздікте қалай берілгенін ғылыми бағытта зерттеген [8:69-82]. Қос тілді сөздіктердегі фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аударуда қиындықтардың барын атап көрсетеді. Өйткені фразеологизмдер екінші тілге тікелей аударылмайды. Кейбір фразеологизмдердің бір тілде баламасы болуы мүмкін, әйтпесе бірінші тілдегі фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан аудару қажет. С.Т.Наурузбаева аударма сөздікте қарақалпақ тіліндегі фразеологизмдердің орыс тіліне қалай аударылатыны туралы өз ойларын, ұсыныстарын айтты. Оның монографиясында қарақалпақ тілінде жиі қолданылатын есімдік фразеологизмдерінің қысқаша қарақалпақша-орысша сөздігі берілген.

С.Т.Наурузбаеваның осы еңбек негізінде жазылған кандидаттық диссертациясында және монографиясында фразеологиялық бірліктер термині қолданылып, оның басқа тұрақты сөз тіркестерінен ерекшелігі атап көрсетілген. Ол «Фразеологиялық бірліктер – кемінде екі немесе одан да көп сөзден тұратын, лексикалық құрамы мен құрылымы тұрақты, идиоматикалық, экспрессивті мағыналы тілдік бірліктер» деп анықтама береді [8:65].

Фразеологиялық бірліктердің критерийін анықтап, «Қарақалпақша-орысша сөздіктен» тек есімдік сөз тіркестеріне жататындарын ғана бөліп, құрылымына қарай талдайды. Автор сөздіктегі фразеологиялық бірліктердің орны мен құрамы, сөздіктегі 1300 фразеологиялық бірліктердің үштен бірін құрайтын лексикографиялық принциптер туралы өз пікірін білдірді [7].

Бұл еңбек аударма сөздіктердегі фразеологизмдердің қалай берілетін-

дігімен ғана емес, фразеологиялық сөздіктер жасаудың теориялық мәселелерін қарастыруымен де құнды. Ол қарақалпақ тілінде фразеологиялық сөздіктер құрастыру бойынша жазылған құнды ғылыми еңбекке айналды.

А.Турабаев өткен ғасырдың 80-жылдарында жазған мақаласында қарақалпақ тілінің фразеологиялық сөздігін жасаудың маңыздылығы мен өзектілігі туралы сөз еткен. Мақалада фразеологизмдерді басқа тұрақты сөз тіркестерінен ажыратып, қарақалпақ тіліндегі бай фразеологиялық материалдарды жүйелеп, синоним, антоним, көп мағыналы, вариантты фразеологизмдерді алфавит ретімен жеке сөздік мақалаларына қою арқылы сөздік құрастыруға дайындалады.

Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының сөздіктер және терминология бөлімінің қызметкерлері қарақалпақ тілінің тұңғыш фразеологиялық сөздігін құрастыруға кіріскендерін хабарлайды. Арада екі жыл өткенде сол басқарманың қызметкері Ж.Ешбаев қарақалпақша фразеологизмдердің қысқаша түсіндіріу сөзлігін басып шығарды [2].

Қарақалпақ тілінің әдеби және ауызекі тілінде белсенді қолданылып жүрген синонимдер, варианттар, антоним сөздер қамтылған әзірге жалғыз сөздік осы. Алдымен фразеологизмдердің мағынасы түсіндіріліп, көркем шығармалардан мысалдар алынады. Қарақалпақ тілінде бірінші тәжірибе болғандықтан, кемшіліктері де жоқ емес. Фразеологизмдер контексте стильдік жағынан әр түрлі мағына береді. Автор мұны ескермеген.

Мектеп оқушыларына арналған аударма фразеологиялық сөздік Джумамуратов Т. жариялаған. Орыс фразеологизмдері сөздікте аударма

мағынасымен және сәйкес баламасымен берілген [3].

Бұл сөздікте мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер де бар. Яғни, сол кездегі фразеологизмдер ретінде танылған тұрақты сөз тіркестері сөздік қорына енді.

Пахратдинов Қ., Бекниязов Қ. 2012 жылы жарық көрген сөздікте 7500 фразеологизм алфавиттік тәртіппен берілген [9]. Бұл авторлар 2018 жылы шығарған сөздікте фразеологизмдер синонимдер арқылы түсіндіріледі. Фразеологизмдердің семантикасы мәтін арқылы анықталады. Бұл сөздікте фразеологизмдер мысалдармен түсіндірілмеген.

Көркем сөз шеберлерінің көркем шығармаларда пайдаланатын фразеологизмдердің түсіндірме сөздігі осы кезге дейін қарақалпақ тілінде құрастырылған жоқ еді. А.Науайы қолданған фразеологизмдердің өзбек тіліндегі түсіндірме сөздігі жарық көрді.

Белгілі жазушы М.Нысанов шығармаларында қолданылған фразеологизмдердің мағынасын ашып, шығармадан мысалдар келтірген сөздік қарақалпақ тілінде жасалған алғашқы тәжірибе болып табылады [11]. Қысқаша сөздікте жазушы қолданған фразеологизмдер әліпби ретімен берілген. Алдымен фразеологизмнің мағынасы түсіндіріліп, сол фразеологизм мысал арқылы көрсетіледі. Мұндай сөздік өте маңызды. Себебі, халық тіліндегі фразеологизмдермен бірге жазушы қаламынан туған фразеологизмдер осылайша қамтылған. Көркем сөз шеберлері дайын фразеологизмдерді өз шығармаларында түрлі мағыналық бояулармен стильдік мақсатта қолданады. Фразеологизмдердің семантикасы контекст арқылы нақтыланады.

Қаралған сөздіктерде қарақалпақ тіліндегі фразеологизмдер толық

қамтылмаған. Қарақалпақ тілі фразеологизмдерге бай тілдердің бірі. Сөздік құрамның белгілі бір бөлігін құрайтын фразеологизмдер халық ауыз әдебиетінде, көркем шығармаларда, ауызекі тілде кеңінен қолданылады. Фразеологизмдердің негізгі қызметі – бейнелі экспрессивтік құралдар.

Тілдегі тұрақты тіркестер деп аталатын тілдік бірліктерге идиомалар, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, күрделі терминдер, қанатты сөздер, штамптар мен клишелер жатады. Олардың әрқайсысы өзіндік белгілерімен ерекшеленеді, ортақ белгісі – тұрақты тіркес, тілде дайын кездесіп, яғни сыртқы формаларында. Бірақ олардың семантикасы басқаша. Осы тұрақты бірліктердің барлығын ғалымдардың көпшілігі фразеологизмдер деп атайды.

Көрсетіп өткеніміздей, тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлығын фразеологизмдер ретінде тани алмаймыз. Фразеологизмдер – бейнелілігі, эмоционалды-экспрессивтілігі, ұлттық сипаты, генетикасы, лексикалық құрамы жағынан ерекшеленетін, әр халықтың этнографиялық ерекшеліктерін қамтитын, антропоцентристік семантикасын сипаттайтын тілдік бірліктер.

Оны ғалымдардың көпшілігі фразема, идиома деп атайды, біз фразеологизм терминін қолданамыз.

Қарақалпақ тілінде фразеологизмдер эмоционалды-экспрессивті мағынаға ие. Бір фразеологизмнің өзі жағымды немесе жағымсыз мағынаға ие болуы мүмкін.

Ж.Ешбоев «Көз тигіу» фразеологиялық тіркесінің мағынасын «көз алмай қарап тұру» деп түсіндірсе, «Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: 1). қадалып қарау, 2) назар аудару, көңіл бөлу деп түсіндіріледі.

Пахратдинов Қ, Бекниязов Қ. сөздікте – көз тикти – қарады, үміттенді, көңіл бөлді – деп түсіндірген.

Бұл фразеологизм мәтінде қолданылғанда:

1. Мәдияр сораулы пишинде Исмайлға **көз тикти** (М.Нысанов) – қарады, нәзер салды мағынасында қолданылған.

2. Жолдасыңды хұрмет қыл, Өзгелерге **көз тикпе** (М.Қашғарий) – көзінді сүзбе, көз бенен қыянет етпе – деген мәніде қолданылған.

3. Хаялына мийримли **көзин тикти** (К.Султанов) – кеуіл бөліп нәзер аударуы мәнісінде.

4. «Әлхәббиз!» – деп таңланды Бердақ оның жылт-жылт етип, бир орында турмай жалтақлап турған қой **көзлерине тигилип** (А.Садықов) – унамсыз эмоцияны билдирип келген.

Қарақалпақ тілінде араб тілінен енген «дүние» сөзі екі мағынада қолданылады: 1. Жер жүзі, ғалам; 2. Мал-мүлік, байлық [6:353-355].

Қарақалпақ тілінде «дүние» сөзінің негізінде жасалған фразеологизмдер көп. Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде: 1. дүниеден қайту, дүниеге келу, дүниеге бату; 2. Өлі дүние, жарық дүние – фразеологизмдер беріліп, мағыналары түсіндіріледі. Бірақ фразеологизмдер контексте берілмейді.

Ж.Ешбаевтың сөздігінде: **«дүньяға жар салыу, 1 вар. дүньяға жар урыу, 2 вар. әлемге жар урыу; дүньяға келгенине пушайман етиу, вар. дүньяға келгенине пушайман жеу; дүньяға келиу, вар. дүньяға шығыу; дүньяға келмеу, дүньяға шықпау; дүньядан өтиу, дүньядан кетиу, дүньядан қайтыу; дүньядан тақ өтиу, дүньядан тақ өтпеу; дүньяның жети бурышы, дүньяның төрт бурышы** – фразеологизмдер бар.

Көріп отырғанымыздай, әлем сөзінің бірінші мағынасы мен келген фразеологизмдер таңдалып алынған.

Автор мәтіндегі әрбір фразеологизмді келтіріп, оның мағынасын түсіндірді. Соған қарамастан әрбір фразеологизмнің сөздікте ескерілмеген сөйлеу жағдаятына байланысты мағыналық стильдік ерекшеліктері болады.

Қ. Пахратдинов және Қ. Бекниязов сөздігінде 19 арнаулы фразеологизмдер бар, барлығы 19: 1. **дүнья гезди, дүньяға белгили, дүньяға келтирди, дүньяға тоймады, дүньяға тоймайды, дүньядан көз жумды, дүнья жүзи, дүнья көрген, дүньяның азабын тартты (шекте); 2.дүньяға батты, дүньяға берилди, дүнья кууды** [9:106].

Бұл сөздік мәтіндегі мағынаны елемейді. Егер мәтінде келсе **дүньяға тоймады, дүньяға тоймайды** – фразеологизмдері омоним болады. Байлыққа тоймау мағынасында жұмсалады, сонымен бірге бұл дүниеде өмір сүруге де тоймау дегенді де білдіреді. Бұл сөздікте Ж.Ешбаев сөздігіне енбеген фразеологизмдер бар.

Осылардың ішінде М.Нысанов басқа **дүньяға бир келиу, дүньяны жалпағынан салып сүриу** сияқты фразеологизмдерді өз шығармаларында қолданған.

Ә.Пирназаров «дүние» сөзінің көп рет қолданылғанын, яғни Бердақ ақынның 2200 жолдан тұратын 44 өлеңінде 51 жерде кездесетінін жазады [10:6].

Шығармаларға назар аударар отырып, олардағы **дүние** сөзінің негізі ретінде қолданылған фразеологизмдерді талдап көрейік:

- **Дүньяға шыққан соң** бахтың ашылса...

- **Бұл дүньяға келгели...**

- **Бұл дүньяның иси** хайран көринди...

- **Дүнья рәхәтин** көрмедим...

- *Дүнья опасызлық етти...*
- Бул дүнья, *дүнья болғалы...*
- Ақтарып *пәний дүньяны...*
- Бар ма *дүньяның опасы?*
- *Дүнья рахәтин* көрмедім...
- *Кең дүнья* саған тар екен...
- Болмаса *дүньяны қарап*
етейін...

Дүнья сөзінің екінші мәнісі менен келген фразеологизмдер:

- Өмиріңше *дүнья қуўсаң да...*
- Мийнетсиз *дүнья излеме...*
- Талап ислеп *тап дүньяны....*
- *Дүнья жеткизбес* қуўсаң да... [1:218].

Негізгі сөз көп мағыналы сөз болғанда фразеологизмдердің семантикасы контекст арқылы ғана анықталады. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, Бердақ шығармаларындағы жоғарыдағы сөздіктерде берілмеген фразеологизмдер де кездеседі. Сондықтан болашақта фразеологизмдер сөздігін жасау үшін көркем шығармалар мен фольклорлық шығармаларды назардан тыс қалдыруға болмайды. Қолданыстағы қарақалпақ тіліндегі сөздіктер мен материалдардан тауып алған «дүние» сөзі негіз болған фразеологизмдердің саны 55.

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде – дүние – сөзі бар 31 фразеологиялық бірлік берілген [5:712]. Оның ішінде қарақалпақ тіліндегі фразеологизмдерге сәйкес келетін тек дыбыстық белгілері бар фразеологизмдердің саны 18-ді құрайды.

Оны жақын маңдағы түркі тілдерімен салыстыратын болсақ, қарақалпақ тілінің фразеологизмдерге бай екендігін байқауға болады. Бірақ қарақалпақша фразеологизмдерді дереккөздерден толық жинап алу, жүйелеу керек.

Қарақалпақ тілінде фразеологизмдердің толық сөздігін құрастыру

үшін теориялық-лексикографиялық білімдер негізінде жұмыс жасап, жүйелеу қажет. Бұл алда тұрған өзекті мәселелердің бірі. Ең алдымен фразеологизмдерді басқа тұрақты тілдік бірліктерден бөліп алып, көркем шығармалардан, халық ауыз әдебиетінен мысалдар жинақтау қажет.

Қорытынды. Фразеологизмдер семантикалық жағынан да, эмоционалды-экспрессивті өткірлігі жағынан да тілдің өзегі ретінде танылатындықтан, әрбір халық тілінің бірегей лексика-семантикалық байлығы болып табылады. Халық тілінде ерте кезден қолданылып жүрген фразеологизмдердің ерекше экспрессивті бояулары, терең мағыналылығы мен әсерлілігі ойға функционалдық айқындық, ерекше ренк береді.

Фразеологизмдер қарақалпақ халқының әлемді ұлттық-мәдениет бағдарда бағалауы және қабылдауының лингвистикалық бірліктері болып, олар әр түрлі функцияларды атқарады: мәліметтерді сақтау, жинау, жеткізу, өздестіру; адам санасындағы мәдениет қазынасы; ол арқылы мәдениет адамның менталь өміріне еніп, әсер етеді.

Демек, қарақалпақ тілдеріндегі фразеологизмдердің сөздіктері фразеографияның қалыптасып келе жатқанын айғақтайды. Соңғы кезде фразеологизмдердің теориялық мәселелері белгілі дәрежеде зерттеліп, мақалалар, оқулықтар, монографиялар, диссертациялар жарық көруде. Сонымен, фразеография бойынша тәжірибе жинақталды. Бұл қарақалпақ тілінің толық фразеологиялық сөздігін құрастыруға мүмкіндіктер жеткілікті деген сөз.

Әдебиеттер тізімі

1. Бердақ. Сайланды шығармалары. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1997.
2. Ешбаев Ж. Қарақалпақ тилинің қысқаша фразеологиялық сөзлігі. Нөкіс, 1985.
3. Джумамуратов Т. Русско-каракалпакский фразеологический словарь для школьников. – Нукус: Каракалпакстан, 1985.
4. Йўлдошев Б. Ўзбек фразеологияси ва фразеографиясининг шаклланиши ҳамда тараққиёти. Самарқанд, 2007
5. Кеңесбаев С.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алма-Ата: “Ғылым”, 1977.
6. Qaraqalpaq tiliniń túsindirme sózligi. – Nókis: Qaraqalpaqstan, 2025. 7 tom.
7. Қарақалпақша-русша сөзлік. Москва: Гос. изд. иностранных и национальных словарей, 1958. – Б.890.
8. Наурызбаева С.Т. Фразеологические единицы в каракалпакско-русском словаре. Ташкент: ФАН, 1972. – Б.65.
9. Пахратдинов Қ., Бекниязов Қ. Қарақалпақ тилиндеги фразеологизмлер. – Нөкіс: Билим, 2012. – Б.106.
10. Пирназаров А. Бердақ шығармаларының тили. Нөкіс: Билим, 2003. – Б.6.
11. Pirniyazova A., Sársenbaev Q. M. Nızanov shıǵarmalarınń frazeologizmler sózligi. Nókis, 2019. – B.30

Pirniyazova A.K.

Doctor of Philology, Professor

Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz, Nukus.

Republic of Karakalpakstan

PRESENTATION OF PHRASEOLOGY IN DICTIONARIES AND THE PROBLEM OF PHRASEOGRAPHY

Annotation. This article addresses the issues of phraseological dictionaries and phraseography. The definitions of phraseological units in dictionaries of the Karakalpak, Uzbek, and Kazakh languages are compared. Examples from works of Karakalpak literature are provided.

Keywords. Phraseologism, phraseography, phraseological dictionaries, semantics of phraseological units, translation dictionaries, synonym, antonym, polysemy, variance.

Пирниязова А.К.

Доктор филологических наук, профессор

Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза, г. Нукус,

Республика Каракалпакстан

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИИ В СЛОВАРЯХ И ПРОБЛЕМА ФРАЗЕОГРАФИИ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы, касающиеся фразеологических словарей и фразеографии. Проводится сопоставление определений фразеологических единиц в словарях каракалпакского, узбекского и казахского языков. Приводятся примеры из произведений каракалпакской литературы.

Ключевые слова: фразеологизм, фразеография, фразеологические словари, семантика фразеологических единиц, переводные словари, синоним, антоним, полисемия, вариантность.


References

1. Berdaq., Saylandı şıǵarmaları [Selected works]. Nukis: Karakalpakstan, 1997. [in Kazakh]

2. Eshbayev Zh., Qaraqalpaq tiliniñ qısqaşa frazeologiyalıq sözligi [Brief phraseological dictionary of the Karakalpak language]. Nukis, 1985. [in Kazakh]
3. Jumamuratov T., Russko-karakalpakskiy frazeologicheskiy slovar' dlya shkol'nikov [Russian-Karakalpak phraseological dictionary for schoolchildren]. – Nukus: Karakalpakstan, 1985. [in Russian]
4. Yuldashev B., Ozbek phraseologysi va phraseographysining shakllanishi hamda tarakkiyoti.[Formation and development of Uzbek phraseology and phraseography]. Samarkand, 2007. [in Uzbek]
5. Kenesbayev S.K. Phraseological dictionary of the Kazakh language [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Alma-Ata: "Science", 1977. [in Kazakh]
6. Qaraqalpaq tiliniñ túsindirme sózligi.– Nókis: Qaraqalpaqstan, 2025. 7 tom.
7. Karakalpak,şa-rusša sözlik [Karakalpaksha-Russian dictionary] Moscow: Gos.izd. foreign and national dictionaries, 1958. –B.890.
8. Nauryzbaeva S.T. Frazeologicheskiye yedinitsey v karakalpaksko-russkom slovare [Phraseological units in the Karakalpak-Russian dictionary] Tashkent: FAN,1972. -B.65.
9. Pakhratdinov K., Bekniyazov K. Karakalpak tilindegi phraseological unit [Phraseologisms in the Karakalpak language] - Nukis:Bilim, 2012. –P.106.
10. Pirnazarov A. Berdak, şygarmalarynyñ tili [The language of the Berdak people. Nókis: Bilim, 2003. – B.6. [in Uzbek]
11. Pirniyazova A., Sársenbaev Q. M.Nızanov shıǵarmalarınıń frazeologizmler sózligi. Nókis, 2019. – B.30.

*26.05.2026 ж. баспаға түсті
1.07.2026 ж. басып шығаруға қабылданды*

Мақалаға сілтеме:



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).